



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1150323/2025/1

02.10.2025 жылғы

"Құрық Порты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Бас инженердің міндетін атқарушы Дуйсенбай Жарылғап негізінде әрекет ететін Сенімхат №4267515705 08.08.2025 бастап, атынан, бір жағынан, және "VK Corp" (Ви Кей Корп) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор ПЕНЬКОВ ВИКТОР АЛЕКСАНДРОВИЧ негізінде әрекет ететін Устав, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1150323 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- Сатып алынатын Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі (№1 қосымша);
- Техникалық ерекшелік (№2 қосымша);
- Шартта елішілік құндылықтың үлесін болжамды/нақты есептеу (№3 қосымша);
- Тапсырыс беруші объектілерінде Мердігерлер жұмыстарды орындау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзу тізбесі (№4 қосымша);
- Шарттың жалпы сомасын есептеу және төлем кестесі – қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің талабы бойынша ұсынылады.

1.3. Егер шарт талаптарында өзгеше көзделмесе, Тауарлар Өнім беруші есебінен, яғни, Өнім берушінің күшімен және қаражатымен және оның тәуекелімен жеткізіледі.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 214144.00 (екі жүз он төрт мың жүз қырық төрт) Теңге ҚР ҚКС-ты қоса алғанда құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем), Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

2.5. Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды (тарды) ұсыну негізінде жүргізіледі:

2.5.1. Төлем шоты;

2.6. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.7. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.7.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.7.2. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы Өнім берушінің берген электрондық шот-фактура;

2.7.3. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжатының түпнұсқасы.

2.8. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.





Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.9. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.10. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-беру актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Жеткізу DDP Incoterms 2010 шарттары бойынша жүзеге асырылады.

3.4. Өнім беруші Тауарды жеткізудің жоспарланған мерзімі туралы Тапсырыс берушіге алдын ала, бірақ кемінде 3 (үш) күн бұрын хабарлауға міндетті. Бұл ретте Өнім беруші жұмыс күндері, дүйсенбіден жұмаға дейін: түскі асқа дейін сағат 08.30-дан бастап сағат 14.00-ге дейін жүзеге асырылуы тиіс.

3.5. Осы тармақтың шарттарын бұза отырып Тауарды жеткізу, Тапсырыс берушіні Тауарды жеткізуге байланысты кез келген жауапкершіліктен босатады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды және Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізуге;

Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3 % мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізілсін, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін өнім берушінің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Өнім беруші осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Өнім беруші Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.4. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген Тауардың барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.4.2. «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесі арқылы Өнім берушінің берген электрондық шот-фактура;

4.1.4.3. Қорларды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжатының түпнұсқасы

4.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға; Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.6. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың





ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.1.7. Өнім беруші "Құрық Порты" ЖШС өткізу жүйесі туралы ережеге және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіндегі режимді регламенттейтін Қағидаларға сәйкес Өнім беруші Шарт бойынша Тауарды жеткізуге жауапты адамдар үшін шекаралық-кедендік аймақтың режимдік объектісі болып табылатын Тапсырыс берушінің аумағына рұқсатты дербес алуға міндетті.

4.1.8. Тапсырыс берушінің аумағына рұқсаттаманы ресімдеу шеңберінде Өнім беруші:

- рұқсаттаманың мақсаты, Шарт туралы мәліметтер, рұқсаттаманы ұсыну мерзімі, әкелінетін Тауарды алып жүретін тұлғалар туралы мәліметтерді (ТАӨ, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, автомашинаның маркасы мен нөмірі, құжаттардың көшірмелері) міндетті түрде көрсете отырып, Тапсырыс берушіге жазбаша арыздану;
- рұқсаттаманы Тапсырыс берушімен және шекаралық және кедендік бақылау қызметімен келісу;
- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өту.

4.1.9. Тауарларды жеткізу, Жұмыстарды орындау/Қызметтер көрсету барысында Тапсырыс берушінің объектілерінде өндірістік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, оның ішінде еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы, сондай-ақ Тапсырыс беруші Өнім берушіге қабылдау-тапсыру актісі бойынша берген стандарттар, регламенттер, нұсқаулықтар мен Тапсырыс берушінің басқа актілерінің талаптарын сақтау.

4.1.10. Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік қызметіне кіріспе нұсқаулықтан өту үшін өз қызметкерлері мен қосалқы мердігерлер ұйымдарының қызметкерлерін жіберу.

4.1.11. Ең аз уақыт ішінде, бірақ 24 сағаттан аспайтын мерзімде Тапсырыс берушінің объектілерінде Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау/Қызметтерді көрсету кезінде орын алған барлық жазатайым оқиғалар, оқыс оқиғалар, апаттар, Өнім берушімен табиғат қорғау заңнамасының бұзылушылық жағдайлары туралы Тапсырыс берушіге хабарлау.

4.1.12. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Шарт талаптарының, соның ішінде Тапсырыс беруші талаптарының бұзылушылықтары анықталған жағдайда, орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындауды / Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру. Тауарды жеткізу, Жұмыстың орындалуын/ Қызметтердің көрсетілуін тоқтата тұру, бұл жағдайда Өнім берушінің кінәсінен тоқтау болып табылады.

4.1.13. Өз қызметкерлерінің, осы Шарт бойынша Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындауға / Қызметтерді көрсетуге қатысатын үшінші тұлғалардың қолдарын қойдыра отырып, Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындауға / Қызметтерді көрсетуге орнында қолданылатын өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушіден алынған стандарттармен, регламенттермен, нұсқаулықтармен және басқа құжаттармен таныстыру.

4.1.14. Тапсырыс берушімен белгіленген нысандар және мерзім бойынша өндірістік қауіпсіздік жағдайы туралы Тапсырыс берушіге ақпарат беру.

4.1.15. Тапсырыс берушіге оның жазбаша өтініші бойынша осы Шартқа №4-қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің объектілерінде Өнім берушінің жұмыстарды орындау кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесіне сәйкес анықталған, өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеу.

4.1.16. Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын Өнім берушінің өкілдеріне түсіндіру мақсатында Тапсырыс беруші ұйымдастырған талап белгілеу кеңесіне қатысу және онда қабылданған шешімдерді жүзеге асыру.

4.1.17. Тауарды жеткізу, Жұмысты орындау, Қызмет көрсету объектісінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыру.

4.1.18. Жоғары қауіптілік жағдайында жұмыстарды орындау кезінде рұқсат-нарядтарды қолдану.

4.1.19. Оқиғалардың себептерін тексеруді ұйымдастыру және жүргізу, тексеру комиссиясының құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде тексеру нәтижелері бойынша құжаттама ресімдеу.

4.1.20. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша мұндай сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге елішілік құндылық есептеуінде көрсетілген елішілік құндылық үлесін растайтын түсіндірме ақпаратты табыстауға.

4.1.21. Қажет болған жағдайда Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша мұндай сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен Шарттың жалпы сомасын есептеу және төлем кестесін келісуді қамтамасыз етеді.

4.1.22. Тауарларды жеткізу кезінде белгіленген және қолданылатын нормаларды, ережелерді және қауіпсіздік талаптарын бұзудың барлық түрлері үшін Жауапкершілікті Өнім беруші көтереді.





4.1.23. Өнім берушіде Тауарды жеткізуді жүзеге асыру, Жұмыстарды орындау/Қызметтер көрсету үшін ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген қажетті рұқсат беру құжаттары болуға тиіс, бұл ретте көрсетілген рұқсат беру құжаттарының қолданылу мерзімі жарамды/жарамды болуға және Тауарды жеткізуді жүзеге асырудың, жұмыстарды орындаудың/қызметтер көрсетудің бүкіл кезеңін жабуға тиіс. Тауарды жеткізу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша талап етілетін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

4.2. Өнім беруші:

- 4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;
- 4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.
- 4.2.3. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге
- 4.2.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге.
- 4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

- 4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.
- 4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.
- 4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.
- 4.3.4. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге төлеген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді қайтару.
- 4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.
- 4.3.6. Өнім берушіден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Өнім берушінің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.
- 4.3.7. Тапсырыс берушінің объектілерінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын (стандарттар, регламенттер, нұсқаулықтар және Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы басқа құжаттары) белгілейтін құжаттардың көшірмелерін Өнім берушінің еске сақтау құрылғысы арқылы Өнім берушінің Жазбаша сұрау бойынша өкіліне беру. Құжаттардың көшірмелерін беру қабылдау-тапсыру актісін ресімдеу арқылы жүзеге асырылады, оған Тапсырыс берушінің және Өнім берушінің уәкілетті өкілдері қол қояды.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

- 4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.
- 4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.
- 4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.
- 4.4.4. Өнім берушіден айыппұлдың, өсімпұлдың және келтірілген залалдың сомасын төлеуді талап ету.
- 4.4.5. Шарт талаптарының орындалуын бақылау үшін кез келген уақытта, кез келген көлемде Өнім берушіден өз міндеттемелерін орындау туралы ақпаратты сұрату және алу.
- 4.4.6. Өнім берушіде өндірістік қауіпсіздік саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Шарттың талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындауды / Қызметтерді көрсетуді орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін тоқтата тұруға құқылы.
- 4.4.7. Өнім берушінің өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне тексерулер мен сыртқы аудит жүргізу арқылы осы Шарт бойынша Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау/Қызмет көрсету үшін Өнім берушімен тартылатын үшінші тұлғалардың, Өнім берушінің өндірістік қауіпсіздікті сақтауына мониторинг жүргізуге құқылы.
- 4.4.8. Осы Шарт бойынша берілген Өнім берушіге төлеуге жататын сомалардың соңғысының Тапсырыс беруші алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша Өнім берушінің берешек сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.
- 4.4.9. Өнім берушіге төленуге тиісті кез келген сомалардың Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Өнім берушіге қолдануға құқылы айыппұл санкцияларының сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы, бұл ретте осы мән-жай Тапсырыс беруші тарапынан міндеттемелерді бұзу болып табылмайды. Осы тармаққа сәйкес Тапсырыс беруші кез келген ұстап қалудың себептері туралы Өнім берушінің жазбаша хабардар етуге тиіс.
- 4.4.10. Тараптар және "ҚТЖ" "ҰК" АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе





жанама түрде "ҚТЖ "ҰК" АҚ-қа тиесілі ұйымдар арасында өзара есеп айырысу жүргізу жолымен кредиторлық берешек сомасынан "ҚТЖ "ҰК" АҚ компаниялар тобында бар кез келген міндеттемелер бойынша Өнім берушінің берешек сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалу.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.3. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күндері ішінде талап қояды.
- Егер Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.
- 5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күндері ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

6. Кепілдіктер және Сапа

- 6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін Тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.
- 6.2. Өнім беруші, егер Шарттың №2 Қосымшасында (Техникалық сипаттама) өзгеше көзделмесе, жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап течение 12 (двенадцати) месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.
- 6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақаулы Тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.
- 6.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 6.5. Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша немесе Өнім берушінің бастамасы бойынша Тауардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін оған техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Осы сынақтарға арналған барлық шығыстарды олар өз бастамасы бойынша жүргізілген Шарттың тарабы көтереді. Бұл ретте Тараптар Тараптардың бірінен Дайындаушы зауытта және/немесе межелі пунктте Тауарға сынақ жүргізу қажеттігі туралы хат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде сынақтар жүргізуге қатысканы туралы өз өкілдерін жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.
- 6.6. Егер көрсетілген сынақтар Өнім берушінің аумағында жүргізілсе, онда Тапсырыс берушінің өкілдеріне барлық қажетті құралдар беріледі және Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуге жәрдем көрсетіледі.
- 6.7. Егер Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылғанға дейінгі жағдайларды қоса алғанда, Тауарды техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүзеге асыру кезінде оның осы Шарттың, нормативтік-техникалық құжаттардың, стандарттардың талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша құқылы:
- Тауардан бас тартуға құқылы және Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талапты алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз, Шартта белгіленген сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін Тауарға не Тауар партиясына осындай Тауарды ауыстыруды жүргізеді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге сапасыз Тауарды ауыстыруға байланысты барлық шығыстарды (сынақтар жүргізу, бөлшектеу, монтаждау, тасымалдау, техниканы жалға алу және т. б. жөніндегі шығыстар) өтейді;
 - Өнім берушіден Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстарды және залалдарды (нұқсанды) өтей отырып, жеткізілген Тауар не Тауар партиясы үшін ақшаны толық көлемде қайтаруды талап етуге құқылы (қабылдау-беру актісіне қол қойылғанға дейін сапасы лайықсыз Тауарды анықтау жағдайларын қоспағанда).

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:
- 7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс





берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шартта көрсетілген Тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Өнім берушінің кінәсінен Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлейді (егер орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған лоттар (лоттар) сомасынан лоттар).

7.2.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге тәуелді емес себептер бойынша шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабында көрсетілген мерзімдерде Тапсырыс берушіге алынған аванстық төлем сомасын толық көлемде қайтаруға, Өнім берушінің ақшаны пайдаланған әрбір күні үшін аванс (алдын ала төлем) сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті. Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындаудан бас тарту туралы хаты және/немесе Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді бұзуы Өнім берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуы деп танылады.

7.2.6. Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеуге міндеттенеді.

7.2.7. Өнім берушінің Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау / Қызметтер көрсету процесінде қоршаған ортаны қорғау заңнамасын бұзуына байланысты өсімпұлдарды, талаптардың сомаларын және сотқа талап арыздарын төлеу бойынша шығыстары Тапсырыс берушімен өтеуге жатпайды.

7.2.8. Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау / Қызметтер көрсету кезінде Өнім берушінің табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші жауапкершілікке тартылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге келтірілген барлық зиянды өтеуге міндеттенеді.

7.3. Өнім беруші Тауарды жеткізу, Жұмыстарды орындау / Қызметтер көрсету жүзеге асырылған жұмыс алаңының және оған іргелес аумақтың аумағындағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінің теріс салдарын толық жоюды қамтамасыз етеді.

7.4. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.5. Тапсырыс беруші Өнім берушінің Тапсырыс беруші немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен "КТЖ "ҰК" АҚ-қа тікелей немесе жанама тиесілі ұйым алдындағы берешектері сомасынан (оның ішінде шығындар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұл, айыппұлдар және т. б. сомалары), кредиторлық берешек сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Тапсырыс берушінің Өнім беруші алдындағы берешегі. Бұл ретте Тапсырыс берушінің Өнім берушінің алдында кредиторлық берешегі болмаған жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасын соңғысы тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде төлейді.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді Өнім беруші Тапсырыс берушіден жазбаша талап етуге құқылы.

7.6.2. Өнім беруші ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді жазбаша талап етуге құқылы.

7.6.3. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Өнім беруші мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді Тапсырыс берушіден жазбаша талап етуге құқылы.

7.6.4. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10% - дан аспайтын мөлшерде өсімпұл талап етуге құқылы.

7.6.5. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.6.6. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды





жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.6.7. Тапсырыс берушінің кінәсіз болған, сондай-ақ Өнім берушінің өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзуынан болған Өнім берушінің кез-келген қызметкерінің жарақаттанғаны, зақымданғаны немесе қайтыс болғаны үшін Тапсырыс беруші жауап бермейді.

7.7. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған шығындар үшін есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға Тауарды нақты жеткізген кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Тараптардың келісімі бойынша немесе Шарт талаптарына сәйкес Тараптардың бірінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылуы мүмкін.

8.4. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.4.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.4.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

8.4.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.4.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.4.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4.3.3. Тауарларды сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4.4. Шарт талаптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4.5. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

8.4.6. Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда тоқтатылады.

8.5. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада шарттан бас тарту туралы хабарламаның себебі, сондай-ақ күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер мердігердің шарт бойынша міндеттемелерді авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде бұзған жағдайларына қолданылмайды.

8.6. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.7. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарттың талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

9. Хабарламалар





9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2025 қоса жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.





